

Есенова Камчат Аугажыевнаның
«6D010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия ғылымдарының докторы PhD дәрежесін алуға ұсынылған
«Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)»
тақырыбына жазған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Диссертация қазіргі кездегі өзекті мәселелердің біріне арналған, жұмыста тақырыптың өзектілігі дәлелденіп, қазіргі білім беру жүйесінің негізгі тенденциялары айқындалып, әдебиеттерге шолу жасалған және зерттеу базасына сипаттама берілген.

Есенова Камчат Аугажыевнаның зерттеу жұмысы, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, білім беру менеджерлерінің интеллектуалды және басқарушылық әлеуетін көтеру проблемаларына арналған, білім беру саласындағы өзекті ғылыми еңбек. Қазақстанның Мемлекеттік саясаты мен білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды аспектісінің бірі де, жоғары білім беру жүйесін дамыту. Соның ішінде білім менеджерлерін даярлау өзектелініп отыр.

Еліміздің білім беру саласын дамыту Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асырылап келеді. Қазақстан Үкіметі білім беруді ұлттық басымдық ретінде айқындайтын және ұзақ мерзімді білім беру саясатын жүзеге асырудың ұйымдастырушылық негізін құрайтын 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін дамытудың тұжырымдамасын бекітті.

Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік кеңестікке шығуы шет елдердің ғалымдарымен кәсіби қарым-қатынасты дамытуға, университет түлектеріне және болашақ білім менеджеріне жаңа талаптар қойып отыр. Педагогтардың жауапкершілігінің өсуі мен студенттерді мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын білім беру менеджерлері етіп дайындау қажеттігі шет ел тәжірибелерін білудің маңыздылығын арттыра түсуде.

Сондықтан, Қазақстан мен Литва елдерінде мектеп басшыларын, білім беру менеджерлерінің резервтерін дайындау мен оларды қайта дайындаудың тәжірибелерін салыстыра отырып зерттеп, әлемдік озық тәжірибелерді зерделеу, оларды Отандық тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін туғызады.

Болашақ менеджерлердің жаңа құзыреттіліктерді игерудің әлеуметтік маңыздылығы жеке жоспарларды жүзеге асыруға үшін қажетті басқарушылық ұтқырлықты қалыптастырумен анықталады: өзін-өзі жетілдіру және біліктілікті арттыру үшін шетелдік тәжірибелерді қолданудың кәсіби бағыттылығын көрсетеді.

Жаһандық білім кеңістігіне біртіндеп кіре отырып, қазақстандық университеттер мәні бойынша интернационалды, ал білім беруде әмбебап бола бастады. Ел экономикасын және «Қазақстан - 2050» Стратегиясын

жүзеге асыру мақсатында жұмыс жасап, оған үлес қосуға қабілетті болашақ білім беру менеджерлерінің кәсіби деңгейі, олардың алынған білімдерінің сапасына байланысты болады. Бұл тенденциялар шығармашылығы, ұтқырлығы мен кәсіби деңгейі жоғары, әлеуметтік және кәсіби белсенді тұлғаларды қалыптастыруға бағытталған жоғары білімнің дамуына айтарлықтай ықпал етеді деп ойлаймыз.

Білім беру менеджері мамандығының ерекшелігі – бұл қызметтің ең маңызды құралы – ол қызмет иелерінің тұлғалық қасиеті болып табылады. Осыған байланысты олардың жеке және кәсіби қабілеттері туралы мәселе өзекті болып отыр.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін, болашақ білім беру менеджерлерін университетте оқыту тәсілдерін қайта қарау қажет. Қазіргі уақытта тиімді рефлексияға қабілетті, білім беру саясатының стратегиялық бағытын дұрыс әзірлеуге және өз әлеуетін табысты іске асыруға қабілетті, креативті ойлайтын менеджер қажет. Қоғамның білімге қойылатын жаңа талаптары, дәлірек айтқанда, жеке тұлғаның білімі мен даму деңгейіне қойылатын талаптар, білім беру технологиясын өзгертуді қажет етеді.

Жоғарыда айтылғандар негізінде К.А. Есенованың философия ғылымдарының докторы PhD дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған «Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы ерекше көкейкесті және уақытында дайындалған, сонымен бірге теориялық және практикалық тұрғыдан қызығушылық туғызатын жұмыс ғылыми еңбек болып табылады.

Диссертацияда «Білім менеджерін дайындау жүйесінің салыстырмалы талдауының ғылыми, практикалық және әдістемелік негіздері», «Қазақстан мен Литва Республикаларындағы білім беру менеджерлерін дайындау жүйесінің салыстырмалы талдауының теориялық негіздері», «Білім беру менеджерлерін дайындаудың ұйымдастырушылық -педагогикалық жүйесі» бөлімдер берілген.

Диссертацияда тұжырымдалған PhD докторанттың әрбір нәтижесінің (ғылыми позициясының) негізділігі мен сенімділік дәрежесі.

Зерттеу нәтижесінде келесі ғылыми нәтижелер алынған:

1. Білім менеджерін дайындауға қатысты теориялар талданып, «Білім менеджері» түсінігінің мәні айқындалды және анықтамасы тұжырымдалып, оның құрылымдық, мазмұндық түсіндірмесі берілген;

2. Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесіне салыстырмалы талдау жасау үшін салыстырмалы педагогика ғылымының зерттеу тәсілдері жүйеленген;

3. Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін салыстырудың зерттеу параметрлері ұсынылып, Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасында білім беру менеджерлерін дайындау жүйесіне салыстырмалы талдау жасалған;

4. Білім беру менеджерлерін дайындау жүйелеріне салыстырмалы талдау жасау арқылы білім беру менеджерлерін дайындаудың жаңа моделі құрастырылды;

5. Университеттің оқу үдерісінде білім беру менеджерлерін дайындаудың жаңа жүйесінің табысты жұмыс жасауына ықпал ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың жиынтығы жүйеленіп, олар оқу үдерісіне енгізіліп, соған сай ұсыныстар берілген.

Диссертацияда тұжырымдалған әр ғылыми нәтиженің (позицияның), қортындылар мен тұжырымдардың жаңашылдық дәрежесі.

PhD докторанты К.А. Есенованың зерттеу нәтижесінің жаңалығы «Білім беру менеджері» ұғымын зерттеп, білім беру менеджерлерін тиімді дайындауға ықпал ететін педагогикалық шарттарды жүйеледі. Салыстырмалы педагогика ғылымының зерттеу тәсілдерін саралап, Қазақстан мен Литва Республикасында білім беру менеджерлерін дайындау жүйесіне салыстырмалы талдау жасады. Болашақ білім беру менеджерлерін оқытудың тиімді формаларын, әдістері мен тәсілдерін зерттеп-зерделеп, олардың тиімділерін анықтап, терең білім алған, басқарушылық құзыреттілікті жоғары менеджерлерді дайындау жолдарын ұсынып, тәжірибеге енгізді, әдістемелік ұсыныстар берді.

Алынған нәтижелердің сәйкес проблемаларды, теориялық немесе практикалық мәселелерді шешуге бағытталуы.

Бірінші ғылыми нәтиже білім беру менеджерінің құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымы мен мазмұнын айқындап, оларды бағалау мәселесін шешуге бағытталған.

Екінші ғылыми нәтиже білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін жетілдіруде салыстырмалы педагогика ғылымының әдіснамалық тәсілдері мен психологиялық -педагогикалық теориялардың әлеуетін негіздеуге бағытталған.

Үшінші ғылыми нәтиже білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін салыстыру параметрлерін әзірленіп, Қазақстан Республикасы мен Литвадағы білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін салыстырмалы талдау жасауға бағытталған.

Төртінші ғылыми нәтиже білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін салыстырмалы талдау теориясы мен практикасына негізделген білім беру менеджерлерін дайындаудың жаңа жүйесінің моделі жасалған.

Бесінші ғылыми нәтиже университеттің оқу үдерісінде білім беру менеджерін дайындаудың жаңа жүйесінің табысты жұмыс жасауына ықпал ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың жиынтығын жүйелеуге және енгізуге бағытталған.

Диссертацияның негізгі ережелерінің, нәтижелерінің, қорытындыларының жарияланымдарының жеткілікті толықтығын растау.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері, қорытындылары мен ұсыныстары докторанттың 11 басылымында шыққан мақалаларда, оның ішінде импакт-факторлы журналда жарияланған 3 мақалада көрініс тапты.

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)» тақырыбында жазылған Есенова Камчат Аугажыевнаның диссертациясы жеке жазылған ғылыми еңбек болып табылады, ол педагогика мен психология ғылыми қорына және университетте кадрлар даярлау жүйесіне белгілі үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)» тақырыбында жазылған диссертацияның авторы Есенова Камчат Аугажыевна «6D010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

А. Құсайынов

А.Қ. Құсайынов

РАСТАУ
«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»
даярлау және аттестаттау басқармасы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки
научных кадров КазНУ им. аль-

Р.Е. Кудайбергенова

« _____ » _____ 20 _____

